



**БҰЙРЫҚ**

*11.02.2016*

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *70-0*

город Астана

**КӨШІРМЕ ДҰРЫС  
КОПИЯ ВЕРНА**

**Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2015 жылғы 02 қарашадағы №523-Ө, 524-Ө бұйрықтарының күшін жою және Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2015 жылғы 12 тамыздағы №352-Ө бұйрығының әрекет етуі туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Заңына (бұдан әрі - Заң) және «Астана қалалық коммуналдық шаруашылығы» АҚ кредитор жиналысының 2015 жылғы 10 тамыздағы хаттамасын жарамды деп тану туралы Астана қаласы сотының әкімшілік және азаматтық істер Апелляциялық сот алқасының 2015 жылғы 09 желтоқсандағы қаулысы негізінде,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана қалалық коммуналдық шаруашылығы» АҚ кредитор жиналысының 2015 жылғы 26 қарашадағы хаттамасы негізінде «Мүлікті және істерді басқарудан босату туралы» Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2015 жылғы 02 қарашадағы №523-Ө және «Банкроттық басқарушысы тағайындау туралы» Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2015 жылғы 02 қарашадағы №524-Ө бұйрықтарының күші жойылсын.

2. «Астана қалалық коммуналдық шаруашылығы» АҚ кредитор жиналысының 2015 жылғы 10 тамыздағы хаттамасы негізінде банкроттық басқарушы Г.Н. Дудбаевты тағайындау туралы 2015 жылғы 12 тамыздағы №352-Ө бұйрығы әрекет етілсін.

3. Банкроттық басқарушы Г.Н. Дудбаев Заңның 89-бабындағы талаптардың орындалуын камтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының басшысы Б.М. Мүлкібековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Астана қаласы бойынша  
Мемлекеттік кірістер  
департаментінің басшысы**



**Ә.Сқақов**

**КӨШІРМЕ ДҰРЫС  
КОПИЯ ВЕРНА**